

МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ СИПАТЫ

Бүгінгі таңда өз егемендігімізді алып тәуелсіз мемлекет атанғалы мемлекетімізде мектеп оқушыларының ұлттық ерекш еліктермен тәрбиелеп, халықтық педагогиканың бай мұраларын қолдана оқыту барысында психологиялық қызмет жүйесі алғашқылардың бірі болып ендірілді, психологиялық қыз-меттің жандануына жағдай жасалып, мектеп ішінен психологиялық бөлме ашылды.

Мектеп психологы сөзсіз оқушының мүддесін қорғауы қажет. Біріншіден, баланың кез-келген мүддесін емес, тек оның тұлғасының нәтижелі дамуына жағдай жасайтындарын ғана қорғауы қажет, екіншіден нені және қалай қорғау керек екендігі жайлы айтпас бұрын, кез-келген жағдайда мектеп психологы қызметінің ең нәтижелі формасы – мұғалімді оқушының өзі анықтаған мүдделері мен проблемаларымен таныстыру, содан соң олар осы мүдделерді дамытудың педагогикалық-психологиялық тәсілдерін анықтау немесе түзету бойынша бірігіп жұмыс жасаулары қажет. Мектеп психологы өзінің қызметін жүзеге асыруы кезінде мұғалім шет қалмауы қажет. Кәсіби сауатты мұғалім кімге болмаса да, өз оқушысын өзінің қатысуынсыз және бақылауынсыз тәрбиелеп оқытуға жол бермейді. Көптеген мәселелер мектеп психологы мұғалімге өз оқушысының психологиялық мәселелерін шешуіне жағдай жасаған кезде ғана шешіледі. Мұғалім өзінің оқушыларының арасында психологиялық жұмысты өзі жүргізуі, олардағы болып жатқан психологиялық құбылыстарды түсінуі қажет. Ал психолог соған жағдай жасауы қажет.

Диагностикалық жұмысты жүзеге асыру кезінде тест тапсырмаларымен жұмыс жасау оқушылар үшін танымдық іс-әрекеттің бір түрі екендігін ескеру қажет. Кейбір оқушылармен (оны алдын ала біліп алу қажет) жұмыс жасау кезінде олардың жақындары мен достарына тіл тигізетін әдістемелерді қолданбауы қажет. Сонымен қатар, әдістеменің мазмұны оқушының ата-анасын немесе мұғалімнің күлкілі жағымсыз етіп суреттеп тұрса, ал әдістемені мүлдем қолдануға болмайды, әсіресе егер шынайы өмірде шынында да ұқсап тұрса. Психолог, әсіресе мектеп психологы психологиялық зерттеу нәтижелерінің жария етілмейтіні алдын-ала айтылса, немесе ол зерттелушінің репутациясына зиян келтіретін болса, жұрттың алдында айтуына тиым салынады. Психологтың кәсіби құпияны жариялауы дәрігердің құпияны жария етуінен де ауыр қылмыс. Себебі, қоғамдық пікірде ауру адамның тұлғасы мен еркінен тәуелсіз бақытсыздық деп есептеледі, ал «психологиялық ауру» сыналудың жеке кемшіліктерімен байланысты және оған оның өзі немесе жақындары кіналы болады. Психологиялық зерттеулерден алынған құпия мәліметтерді қатысы жоқ адам білмеуі қажет. Осы ережені бұзған психологты мектеп психологтары қатарынан алып тастау қажет.

Мектеп психологының кәсіби сапаларын қысқаша былай келтіруге болады:

- Көңілі кең және көзқарасы тәуел-сіз болуы қажет.
- Кез-келген қарым-қатынасқа дайын болу және оларды қолдай білу.
- Адамдарды өзіне эмоционалды тарта білу.
- Қарым-қатынас кезінде өз эмо-цияларын ұстай білу қабілеті.
- Өзін-өзі және өзгелерді тануға ұмтылу.
- Өз міндетін ғана атқару.
- Әрекеттері мен сөздеріне жауап беру.
- Кез-келген әрекеттің арты не болатынын болжай білу.

Мектеп психологы жұмыс кезінде оқушылармен қарым-қатынастың келесі принциптерін ұстануы қажет:

- Баладағы өзгерістерге дайын болу.
- Белгілі бір мақсатқа жету үшін өзінің және баланың күш салуын біріктіре білу.
- Баланың уайымдарын сезіне білу.

- Баланың пендешілігіне шыдам-дылық білдіру.
- Баламен өзара әрекет ету кезінде дәйекті, жүйелі болу.
- Баланың өзіне-өзі сенімділігін мақұлдау және мойындау.
- Баланың сезімдеріне тиіп кетпеу, мұқият болу.

Мектеп психологы жұмысының алғашқы кезеңін шартты түрде бейімделу кезеңі деуге болады: психологтың мектепке, мектептің психологқа бейімделуі қажет. Себебі, олар бір-бірін әлі дұрыс білмейді. Яғни психолог өз жұмысын мектеп әкімшілігімен танысудан, оқушылар және олардың ата-аналарымен әңгіме-лесуден, сабақтарға, сабақтан тыс мерекелерге, жиналыстарға, педагогикалық кеңестерге қатысудан, іс-қағаздармен танысудан бастауы қажет. Әңгіме, жиналыстар барысында мұғалімдерді, оқушылар мен олардың ата-аналарын мектеп психологы жұмысының міндеттері мен әдістерімен таныстыруы қажет.

Мектептегі психолог – біз үшін жаңа құбылыс және көптеген мұғалімдер психологты бірден қабылдамауы мүмкін. Сабырлық, шыдамдылық қажет. Әр адамның, әсіресе мұғалім, сынып жетекшісінің, мектеп директорының күмәндануға хұқығы бар. Олар неге бірден психологқа сенуі қажет? Барлығы оның өзінің кәсіби даярлығы мен өз кәсібін жақсы меңгеруіне байланысты.

Сондықтан, психолог жұмысын ең алдымен өзі білетін нәрседен бастауы қажет. Мысалы, егер оның кіші жастағы балалармен жұмыс істеу тәжірибесі мол болса, онда солармен жұмыс істей бастауы қажет, егер ол бұрын балалардың интеллектуалды сферасын дамыту бойынша жұмыс істеген болса, онда оған осы жұмыстан бастау қажет және т.с.с.

Бірақ, барлық жағдайда да асықпау қажет. Психолог мектепке ұзаққа, өмір бойына жұмыс істеуге келді, сондықтан ол педагогикалық ұғымға психологтың сиқыршы емес және барлығын бірден шеше алмайтынын түсіндіруі қажет. Ал, түзету, дамыту сияқты психологиялық процестер тіпті ұзақ уақытты талап етеді. Кез-келген психологиялық мәселелердің себебін анықтаудың өзі әр кезде әр түрлі уақытты талап етеді. Кейде бірнеше минут қана болса, кейде бірнеше айға да созылуы мүмкін.

Мектеп психологының жауапты әрі көп жоспарлы қызметі оның кәсіби сапасы мен біліктілігіне белгілі бір талаптар қояды дедік. Мектеп және педагогикалық психологиядан білімі болуы, баланы зерттеудің түрлі психологиялық әдістерін жоғары деңгейде меңгеруі және сонымен қатар интеллектуалды өте жоғары дамыған болуы қажет. Психологиялық қорытын-дылардың дұрыстығы – дұрыс таңдап алынған психодиагностикалық әдістер-дің нәтижесі ғана емес, психолог пен баланың өзара жақсы қарым-қатынастарының нәтижесі.

Мектеп психологы тек бүгінгі мектептің оқу және тәрбие жүйесіне бейімделе алған жағдайында ғана өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады. Адамдар арасындағы қайшылықтарды шешу, олардың қателерін түзету мектеп психологы қызметінің ажырамас бөлігі болғандықтан, бұл оның тұлғалық қасиеттеріне үлкен талаптар қояды. Себебі, ол берген кеңесіне, қабылдаған шешіміне әрдайым жауапты.

Психологтың беделі оның жоғары дәрежелі кәсібилігімен анықталады. Баланы психологиялық зерттеу тек лабораториялық сипатта болмауы қажет. Жеке қарым-қатынас орнату психологтан шыдамдылықты, тапқыр-лықты талап етеді, әсіресе жасы кіші балалармен немесе қиын балалармен жұмыс жасау кезінде.

Психолог психологиялық диагноз қоюда немесе түзету жұмыстарының формалары мен тәсілдерін ұсынуда өте мұқият болуы қажет.

Мектеп психологы өзіне өте қатал талаптар қоюы қажет: өзара әрекет жағдайын сезіну, өзінің мінез-құлқын басқару.

Мектеп психологы қызметінің көптүрлілігі, оның біліміне, білігі мен тұлғалық сапасына қойылатын талаптардан бір жағынан оның кәсіби мүмкіндіктері туралы сұрақ, екінші жағынан, мектептегі практикалық жұмысқа психологиялық арнайы дайындығын ұйымдастыру туралы сұрақ туады.

Әдебиеттер:

1. Рабочая книга школьного психолога. Под Ред: Дубровиной И.В. –М.: Просвещение, 1991.
2. Диагностическая и коррекционная работа школьного психолога. –М.: 1987.
3. Кола У.В., Раудик В.В. Психологическая служба в школе. -М.: №12 Знание 1986.
4. Мектептегі Психология қызыметі. // Қазақ мектебі, 2001, №1. -24-26 бб.
5. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. –М.: Совершенство, 1997.
6. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба. -М.: Педагогика, 1991.
7. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. –М.:1993.
8. Джрнзаян Л.Н.. Структура и опыт деятельности школьной психологической службы. //Вопросы психологии 1989. -№4. С.52-59.
9. Школьный психолог: с чего начать? Потапова В. //Учит.газ.1989.